

**Докторант Хуатбекұлы Ерканаттың «6D021400 – Әдебиеттану»
мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) алу үшін
ұсынған «Н.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс»
атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық көңесшінің
ПКІРІ**

Н.Ә.Назарбаевтың мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары мен еңбектерінде еліміздің мемлекеттік тарихы мен бүгіні және болашағына байланысты жиі айтады. Соның ішінде 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2018 жылы жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізінде өткенімізді түгендеп, болашағымызды бағамдау мақсатында бүгінгі күні барлық ғылымдармен қатар әдебиеттану ғылымы да қыруар шаруаларды жүзеге асыруда. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация жұмысы қазіргі әдебиеттандың өзекті тақырыптарының бірі.

Арғы-бергі тарихымызға көз жүгіртсек, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» секілді ел басқару ісіндегі дәстүр сабактастығы бар. Солардың бәрі әдебиетіміз арқылы дамып, үрпақ санасына берік орнықты. Докторант Н.Назарбаевтың ұлт руханиятына қатысты жазылған еңбектерін негізге ала отырып, саясаткер еңбектерінің мәнін әдеби көзқарас тұрғысынан ашуға ұмтылған.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны үш тараудан және әр тарау еki тараушаны қамтиды. «Дискурс және нарратив ұғымдарын делимитациялау» деп аталатын бірінші тарауда дискурс пен нарратив ұғымдарына ғылыми анықтама беріліп, саясаткер еңбектеріне ғылыми көзқараста қарau тек саясаттану ғылымының ғана объектісі емес, барлық гуманитарлық ғылымдарға ортақ мәселе екендігіне отандық және әлем ғалымдарының пікірін негізге ала отырып тұжырым жасайды. Дискурс терминінің шығуы мен ғылыми айналуымға тұсу тарихын «Дискурстық талдаудың тұжырымдары мен генезисі» атты тараушада түгел дерлік баяндап, болашақ ізденушілерге қажетті қазақ тіліндегі мәліметтердің катарын толықтырады.

Терминдерге қатысты анықтамаларды әр дәуірден мысалдар келтіре отырып сөз етеді. Қос терминнің негізгі айырмашылығына Жак Дерриданың дискурс жөнінде «Барлығы дискурс» деген анықтамасы мен Б.Ричардтың нарративті оқиғаға байланысты «Нарратив барлығында» деген анықтамасын негізге ала отырып тұжырым жасайды.

«Н.Назарбаев еңбектеріндегі нақты және болжалды тарихи дискурсты баяндау тәсілдері» атты тарауында Н.Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» естелік-эссесінің тілдік ерекшелігін баяндау тәсілі тұрғысынан қарап, өзге де тарихи шығармалармен салыстырмалы талдау жүргізген. Автордың пәлсапалық ойлары арқылы қазақы дүниетанымды, ұлттық құндылықтарды барынша аша түседі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына лидердің көзқарасын нақты тарихи дискурс тұрғысынан талдап, ғылыми анықтама берген.

Н.Назарбаевтың «Еуразия жүргөндегі» еңбегін талдау арқылы астананың аудысу себебіне үціліп, жаңа астананың қазіргі қазақ поэзиясындағы бейнесін аға буын, орта және жас буын поэзияларынан мысал келтіріп сүни көзқараста талдау жүргізген.

«Ұлттық мәдени компонент ұғымының Н.Назарбаев еңбектеріндегі көрінісі» атты үшінші тарауында Н.Назарбаевтың ұлттық болмысқа, қазақ халқының негізгі ерекшеліктері мен оны дәріптеудің жолдарын диссертант 5 түрге бөліп қарастырған. Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде: «Әлем халықтарының бірде бірінің сөздігінде ұшырамайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып-түсінуге болатын сөздер бар» деу арқылы қазақ тілінің шұрайлы бай тіл екенін көрсетіп, қазақ тілінің мәртебесін айқындауға жола ашады.

Зерттеу нысанына алынған еңбектерге қарап отырып Н.Назарбаевты үш түрлі қырынан ашуға тырысқанын байқауға болады. Олар: Естелік-эссе еңбектері мен ой толғамдары, баяндамалары және сұхбаттары. Зерттеуші Н.Назарбаевтың еңбектерін зерттеу арқылы әрқайсысында нарратив пен дискурсты әр қырынан ашып көрсетуге тырысқан.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша ой қорытып, өз тұжырымдарын ұсынған. Әр тарау бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі өрбіп жатады.

Докторант Хуатбекұлы Ерканаттың зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялады, баяндамалар жасаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Хуатбекұлы Ерканаттың «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Бас-аяғы жинақы, ғылыми мәні бар «Н.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсыныс білдіремін.

Отандық кеңесшісі,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
филол.ғ.д.



У.Қ.Қалижанов

У. Қалижанов
растаймын к/б. аға инспекторы

26.01.2020 ж. Подпись